

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

**2-СЕКЦИЯ. ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ- МЕКТЕП ЖАСЫНА
ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ
СЕКЦИЯ -2. ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ КАК СРЕДСТВА РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ
ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА**

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жумабекова Фатима Ниязбековна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты, доцент
E-mail: Zhumbekova.58@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада бейнелеу өнерінің түрлері мен бейнелеу іс-әрекетінің өзара байланысы және оның баланың сөйлеу тілін дамытудағы маңызы ашып көрсетілген. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істейтін педагогтерге арналған. Бейнелеу іс-әрекеті баланың көркемдік-эстетикалық дамуына ықпал етіп, шығармашылық қабілетін және сөйлеу тілін дамытудың тиімді жолдары мен тәжірибелік мүмкіндіктері қарастырылған.

Кілт сөздер. Бейнелеу өнері, сөйлеу тілі, живопись, графика, мүсін, сәулет және сәндік-қолданбалы өнер

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, бейнелеу іс-әрекетінде шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану көзделген. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу қарастырылған [1].

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін тіл - қоршаған ортамен байланыс жасаудың негізгі құралы. Осы кезеңде сөйлеу тілін дамыту арнайы ұйымдастырылған әрекеттер арқылы жүзеге асады. Солардың бірі – бейнелеу өнері. Живопись, графика, мүсін, сәулет және сәндік-қолданбалы өнер түрлері арқылы баланың қиялы дамып, сөздік қоры байиды, сөйлем құрау, сипаттау, әңгімелеу дағдылары жетіледі. Бейнелеу өнері түрлерінің баланың сөйлеу тілін дамытуда маңызы өте зор.

Бейнелеу өнерінің классикалық түрлері - бала дамуының барша қырын жетілдіретін әмбебап құрал. Әсіресе сөйлеу тілін дамытуда бұл өнер түрлері балаға табиғи ортада сөз айтуға, ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Живопись - қиялды; графика - нақтылықты; мүсін – кеңістік түсінікті; сәулет - құрылымдық ойды; сәндік өнер - ұлттық тілді және мәдени сөз қорын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда бұл бағыттарды жүйелі пайдалану - баланың сөйлеу тілінің белсенді дамуына жол ашады.

Живопись - түрлі бояулармен жазылған көркем шығарма ретінде мектепке дейінгі тәрбиеде балаға кескіндеме туындыларын көрсетіп, ондағы көріністерді сипаттату, өз ойын айту ұсынылады. Сөйлеу тілін дамытуға ықпалы: суретті сипаттау арқылы сөздік қор дамиды: «күн ашық», «гүлдер жайқалып тұр». Сюжеттік суреттерден әңгіме құрау арқылы сөйлем құрау машығы қалыптасады. Эмоциялық тіл пайда болады: «Маған ұнады, өйткені...», «Мына сурет көңілді екен».

Графика бұл - сызық, дақ, штрих арқылы салынатын көркем бейне (қарындаш, қалам, тушьпен). Балаларға түрлі иллюстрацияларды, контурлық суреттерді көрсетіп, оларды әңгімелеу ұсынылады және сөздік қоры дамиды, сөйлеу белсенділігі артады. Сөйлеу тілін дамытуда нақты бейнені сипаттау арқылы дәл сөз табуға үйренеді. Қарапайым және күрделі сөйлемдер құрау қабілеті артады. Көру арқылы қабылдаған бейнені сөзге айналдыру қабілеті дамиды.

Мүсін - көлемді көркем шығарма, сазбалшық, гипс сияқты материалдан жасалады. Мектепке дейінгі топтарда баламен бірге жануарлар, адамдар, заттар бейнесін жасау – тіл дамыту үшін таптырмас құрал. Мүсін өнері және сөйлеуді белсендіруге және сөйлеу тілін дамытуға ықпалы: «Не жасап жатырсың?», «Бұл не істеп тұр?» сияқты сұрақтарға жауап беру арқылы бала өз ісін түсіндіреді. Сипаттау және салыстыру дағдылары дамиды: «бұл аю – үлкен, ал мысық – кішкентай». Баланың белсенді сөздігі кеңейеді (пішіндер, көлем, қозғалыс, эмоция т.б.). Байланыстырып сөйлеу дағдысы, сөздік қоры молаяды.

Сәулет өнері – ғимараттар мен құрылыс нысандарын жобалау және салу өнері. Балалар кубиктерден, конструкторлардан «үй», «мектеп», «қамал» құрастырып, олар жайлы әңгімелей алады. Сәулет өнері және кеңістікті сөзбен жеткізу арқылы баланың сөйлеу тілі дамиды. Тілдік ықпалы: кеңістіктік түсініктерді сөзбен жеткізеді: «сол жақта», «астында», «үстінде». Құрылым сипаттауға машықтанады: «үйде үш терезе бар», «есік биік». Топпен жұмыс барысында қарым-қатынас тілі дамиды.

Сәндік-қолданбалы өнер – тұрмыстық бұйымдарды көркем безендіру: кілем, кесте, зергерлік бұйым, ою-өрнек. Бұл өнер арқылы балалар ұлттық мәдениетпен танысып, сөздік-мәдени тәжірибесін кеңейтеді. Сәндік-қолданбалы өнер және көркем сөйлеуге дағдыланады. Сөйлеу тілін дамытуға ықпалы: өю-өрнектерді атау, сипаттау арқылы тіл байлығы дамиды. Заттың жасалу жолын әңгімелеу арқылы баяндау дағдысы артады. Ұлттық құндылықтар туралы түсініктері байытылып, сәндік қолданбалы өнер түрлеріне қатысты сөздермен, теңеулермен, көркем тіркестермен танысады: «шолпы», «тұмарша», «күміс білезік». Ұлттық тұтынатын бұйымдар, ұлттық киімдер, ат әбзелдері, қарау-жарақ, ыдыс-аяқ, жағаштан жасалған тұрмыстық заттардың көркемдік талғамға сай дайындалуы, сәндік эстетикалық тәрбие негізі болуымен сипатталады [2].

Бейнелеу өнерінің түрлеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда балалар бейнелеу іс-әрекетінің түрлерімен айналысады. Бұл бала тұлғасын жан-жақты дамытуда маңызды құралдардың бірі. Ол баланың эстетикалық талғамын тәрбиелеумен қатар, қиялын, ойлау қабілетін және ең бастысы - сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді. Ерте жастан бастап сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сияқты шығармашылық әрекеттер баланың қоршаған ортамен байланысын нығайтып, тіл байлығын кеңейтеді.

Бейнелеу өнері арқылы баланың сөйлеу тілінің белсенділігі артады. Бейнелеу әрекеті кезінде бала заттарды сипаттайды, түстер мен пішіндерді атайды, өзінің ойымен бөліседі. Бұл сөйлеу белсенділігін арттырады, сөздік қорын молайтады. Мысалы, сурет салу барысында бала «доп - домалақ», «алма - қызыл» деген секілді сөз тіркестері арқылы сипаттау машығын дамытады. Бейнелеу іс-әрекетінің байланысы ол әңгімелеу арқылы бала өз салған суретін түсіндіруге тырысып, әңгімелесу қабілетін жетілдіреді. Тәрбиешінің дұрыс бағыт-бағдар беруі арқылы баланың сөйлем құрауы, логикалық байланысты сөйлеуі дамиды. Бұл - еркін сөйлеудің негізі болып табылады. Сондай-ақ, баланың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін арттырып, сөйлеу тілін дамытады. Бейнелеу өнері қиялға ерік беретін сала. Бала ойынан ертегі кейіпкерлерін, қиял әлемін жасап, соны сипаттап беруге тырысады. Мұндай шығармашылық жұмыстар баланың тілінің мазмұнды, бейнелі болуына әсер етеді. Диалогтік сөйлеуді дамыту құралы ретінде топтық бейнелеу жұмыстары барысында балалар бір-бірімен пікірлеседі, көмек сұрайды, түсіндіреді [3].

Бұл - тілдік қарым-қатынастың дамуына қолайлы орта. Сөздікпен жұмыс жасайды және ол сөйлеу тілін байытады. Бейнелеу сабақтарында педагог сурет құралдарының атауын, түстерді, пішіндерді атай отырып, баланың сөздік қорын кеңейтуге ықпал етеді. Бейнелеу іс-әрекетінде жаңа сөздерді қолдану арқылы бала тілдің әртүрлі құрылымын меңгереді. Өзінің салған суреттері, мүсіндері мен жапсыру іс-әрекетінде және құрастыру барысында оны әңгімелеп айтып беру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдысы да қалыптасады. Оны іске асыру барысы төмендегі кестеде көрсетілді.

Кесте –1. Сөйлеуді дамытуда қолданылатын бейнелеу іс-әрекетінің түрлері

№	Түрі	Сипаттамасы	Қолдану мысалдары
1	Сурет салу	Қағаз бетіне бояу, қарындаш, фломастер арқылы бейнелер түсіру	«Менің отбасым», «Табиғат әлемі» тақырыптарына сурет салу
2	Мүсіндеу	Пластин, сазбалшық, қамыр арқылы көлемді бейнелер жасау	Жануарларды, жеміс-жидектерді мүсіндеу
3	Жапсыру (аппликация)	Түрлі түсті қағаздарды қиып, жапсыру	Күзгі жапырақтар, гүлдер
4	Құрастыру	Геометриялық пішіндер мен заттардан бейнелер құрастыру	Құрылыс материалдарынан үй немесе көлік жасау
5	Көркем әшекейлеу (декорация)	Ою-өрнек, түрлі көркем формалар арқылы затты әсемдеу	Ұлттық нақыштағы суреттер, мүсіндерді бояу

Біріншіден, бейнелеу іс-әрекеті баланың көркемдік-эстетикалық дамуына ықпал етіп, түстерді сезінуі, жазықтықты бағдарлай алуы, форма мен пропорцияны ажырату қабілеті дамиды. Эстетикалық талғам, сұлулыққа деген көзқарас қалыптасады. Ұлттық өнер мен мәдениет элементтері арқылы көркем сана дамиды. Бейнелеу өнері - сөздік емес тіл түрі. Алайда бала салған суретті сөзбен сипаттауға, мазмұндауға тырысқанда, ол жаңа сөздер мен сөйлемдер құрауға үйренеді. Бұл процесс мынадай тізбек бойынша жүреді:

- Заттың атауын меңгеру (қалам, күн, құс);
- Қасиетін сипаттау (үлкен, сары, ұшып жүр);
- Әрекетін айту (секірді, жылады, күлімдеді);
- Өз ойын айту (маған ұнады, бұл – анам).

Екіншіден, шығармашылық қабілетті дамытуға бейнелеу әрекеті – баланың еркін ойлауын, қиялын, елестетуін ынталандырады. Сюжеттік суреттер мен мүсіндеулер барысында бала өзі ойлап табатын кейіпкерлер мен оқиғаларды жасап, шығармашылық әлеуетін дамытады. «Қиял әлемі», «Ғажайып орман» сияқты ашық тақырыптар еркін шығармашылыққа жол ашады. Қиял мен сюжеттік ойлауды дамыту арқылы еркін сөйлеуге жетелеу. Сюжеттік сурет салу, мысалы, «Менің отбасым», «Табиғат көрінісі», «Балабақшадағы күн» тақырыптары балаға өзіндік ой айтуға, оқиғаларды сипаттауға мүмкіндік береді. Педагогтің «Не салып жатырсың?», «Бұл не істеп жатыр?» деген сұрақтары баланың сөйлеуін белсенді етеді. Бұл жағдайда бала сөйлем құрауға, баяндауға, қиялдан шығаруға машықтанады.

Үшіншіден, баланың сөйлеу тілін дамытуда маңызы зор. Бала өз салған суретін түсіндіру барысында сөйлем құрауға үйренеді. Сипаттау, әңгімелеу, салыстыру, себеп-салдарлық байланыс орнату дағдылары дамиды. Жаңа сөздер меңгеріп, сөздік қоры толығады (мысалы: «домалақ», «ашулы», «жайқалған»). Диалог, монолог және көркем сөз үлгілерін қолдану белсендіріледі. Топтық әрекет арқылы тілдік қарым-қатынас қалыптастырады.

Топпен сурет салу барысында балалар арасында тілдік байланыс орнайды. Олар бір-біріне құрал сұрайды, түс таңдайды, өз пікірін білдіреді. Мысалы:

«Маған жасыл қарындашты берші». «Мен үй саламын, сен ағаш салшы». Осы әрекеттер қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырып, тілдік қатысымды дамытады.

Төртіншіден, бейнелеу өнерін баланың сөйлеу тілін дамытуға тиімді қолдану жолдары ол: сюжеттік сурет бойынша әңгіме құратуда бала салған бейне негізінде қысқа ертегі немесе оқиға айтып беру. Суретпен сұрақ-жауап ойыны: мысалы, «Бұл кім?», «Не істеп жатыр?», «Қайда барады?» деген сұрақтарға жауап беру. Қиялдан сурет салдыру және ертегі ойлап табу: баланың ойлау қабілеті мен сөйлеу машығы дамиды. Сөздікпен жұмыс: жаңа бейнелеу әрекетіне кіріспес бұрын сол тақырыпқа қатысты сөздермен таныстыру. Ұжымдық жұмыс: балалар бірлесе отырып сурет салып, өзара сөйлесу арқылы тілдік қарым-қатынас орнатады. Бала тілінің дамуы - мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі. Сөйлеу - тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар баланың ой-санасының, эмоциялық әлемінің, танымдық белсенділігінің

көрсеткіші. Осы тұрғыдан бейнелеу өнері - тіл дамытуда таптырмас құрал [4]. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сияқты әрекеттер арқылы бала өз ойын көрнекі түрде жеткізеді, оны сөзбен сүйемелдейді, нәтижесінде тілдік белсенділігі артады. Сөздік қор мен грамматикалық құрылымды байытуда бейнелеу әрекеті кезінде педагог тақырыпқа байланысты сөздік жұмысын жүргізеді. Мысалы, «жануарлар» тақырыбында: «аю», «қасқыр», «аңшылық», «орман» сөздерімен таныстырып, оларды сөйлемде қолдануға үйретеді. Сондай-ақ: Сын есімдер: үлкен, ашулы, жылдам; Етістіктер: жүгіріп келеді, қарап тұр; Шылаулар мен септік жалғаулары: орманда, аңмен, үйге. Эмоциялық және көркем сөйлеу элементтерін меңгереді. Балалар өз суреттеріне эмоционалдық реңк беруге тырысады. Мұны сөзбен білдіруде метафора, теңеу сияқты көркем сөйлеу тәсілдерін қолдануға ынталанады. Мысалы: «Анам - күн сияқты жылы». «Көбелек гүлге қонып, ән салып тұр» [5].

Ойымызды қорытындылай келе, бейнелеу өнері мектепке дейінгі баланың тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ол арқылы бала тек эстетикалық тәрбие алып қана қоймай, шығармашылықпен ойлау, еркін сөйлеу, өз ойын жеткізу сияқты өмірлік маңызды дағдыларды меңгереді. Сондықтан бейнелеу өнерін тіл дамыту құралы ретінде мақсатты әрі жүйелі қолдану - педагогикалық процестің тиімділігін арттырады. Бейнелеу өнері - баланың сөйлеу тілін дамытуда тиімді әдіс. Ол ойлау, есте сақтау, сөйлеу, қиял сынды психикалық үдерістерді бірлесіп дамытып, баланың жан-жақты жетілуіне жағдай жасайды. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш білім беру ұйымдарында бейнелеу әрекетін тіл дамыту міндеттерімен ұштастыру – педагогтің кәсіби шеберлігінің бір көрсеткіші. Бейнелеу өнері баланың жан-жақты дамуына әсер ететін әмбебап құрал. Ол баланың тілдік мүмкіндіктерін ашып, ойын еркін жеткізуге, көркем сөйлеуге баулиды. Баланың сөздік қоры байып, сөйлем құру, өз ойын жүйелі жеткізу дағдысы қалыптасады. Сондықтан бейнелеу өнерін тек эстетикалық тәрбие құралы емес, сонымен қатар сөйлеу тілін дамытудағы маңызды педагогикалық ресурс ретінде жүйелі қолдану қажет. Аталған мәселерді пайдаланумен қоса бірқатар ұсыныстар айта кетуді жөн көрдік:

- әр бейнелеу іс-әрекеті барысында сөздік жұмысын міндетті түрде енгізу;
- балаларға сурет бойынша әңгімелеу, сипаттау, ертегі ойлап табу тапсырмаларын жиі беру;
- қиялды дамытатын, шығармашылықпен сөйлеу тілін дамытуды интеграциялауға арналған тақырыптар ұсыну («Ғажайып орман», «Бақытты әлем» т.б.);
- дәстүрден тыс әдістерді күнделікті бос уақыттарында пайдалану және оны әңгімелету арқылы ойлау, сөйлеу тілін дамытуға ықпал ету;
- топтық және жұптық жұмыс түрлерін қолданып, балаларды бір-бірімен сөйлесуге ынталандыру.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2022 жылғы 14 қазан. № 422 бұйрығы.
2. Аманжолов. С.А. Бейнелеу өнерінің әдістемесі, Астана. 2010.
3. Жұмабекова Ф.Н. Бейнелеу өнерінің әдістемесі. Алматы. ЕВЕРО. 2014.
4. Ф.Н.Жұмабекова. Өнер көзі – халықта. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік нұсқау. Астана. 2017.
5. Сакулина Н.П., Комарова Т.С. Бейнелеу іс-әрекеті мен конструкциялауды үйрету методикасы. Алматы. Мектеп. 1985.
6. Алексеева М.М., Яшина В.И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников / М.М. Алексеева, В.И. Яшина. М.: Академия, 2015. 412 с.
7. Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников / О.С. Ушакова. М.: Изд-во Института психотерапии, 2014. 240 с. 5. Тихеева Е.И. Развитие речи детей (раннего и дошкольного возраста). Пособие для воспитателей дет. сада / Под ред. Ф.А. Сохина. 5-е изд. М.: Просвещение, 2012. 159 с.
8. Бородич А.М. Методика развития речи детей. М., 2012. С. 20-21. 7. Логинова В.И. Теоретические основы словарной работы в трудах Е.И. Тихеевой // Л., 2012. 13 с
9. Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту: педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған дисс. –А., 1993